

№11 «Аружан» бөбекжай - бақшасы МКҚК

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№5 «Күншуақ» ересектер тобы

Тәрбиешілер: Жалғасова.А.К

Сулейменова К.А

2020_ж

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№5 «Күншуақ» ересектер тобы

Өткізу күні: 15 желтоқсан 2020ж

Өткізу уақыты: сағат 17⁰⁰

Жалпы бала саны: 24

Қатысқандар саны: 18

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылыр: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. «Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеудегі отбасының рөлі»баяндама
Баяндамашы: Сулейменова.К
2. «Балабақшаға барар жолда» жол қауіпсіздігін сақтауға арналған
жылжымалы папка
3. «Онлайн ойындар және бала тәрбиесі» кеңес

Тыңдалды:

1. Ата-аналарды «Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеудегі
отбасының рөлі» атты баядаманы тәрбиеші : Сулейменова.К
оқыды.

Баяндама тіркелді.

Жарыссөз

Ата-ана : Исеева Сабира сөз алды. Ересектер тобында орыс тілі
ағылшын тілі пәндері аптасына неше рет болатынын сұрады.

Тәр: Сулейменова.К орыс тілі пәні аптасына бір рет болатынын
, ағылшын тілі пәні болмайтынын айтты .

1. Жанұя тәрбиесі - бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет
алдындағы ата-аналардың борышы. Отбасында басты мәселелердің
бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн
ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы,
оқу әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру жатады. Жанұя барлық
уақытта да өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде
үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп
келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі -

ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасынбағы тәрбиесі белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы тусініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс- әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі. Жанұя - болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адым.

Соңғы жылдары қоғамдағы тәрбиенің мақсаты «Тұлғаны жан - жақты, үйлесімді етіп тәрбиелеу» деп көрсетілген. Демек бүгінде әрбір адамның жеке басын материалдық және рухани адамзаттық құндылықтармен молайту көзделіп отыр. Бұл мақсат-міндеттер жанұя тәрбиесін жақсатудан бастау алып, ондағы тәрбиелер мен ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдірумен шешілмек. Бүгінгі таңда ата- аналардың жанұя тәрбиесі бойынша педагогикалық білімдерін жетілдіруде ең негізгі ұйытқы болатын мектеп, соның ішінде сынып жетекшілері болып отыр. [11]

Мектептің жанұя тәрбиесіне ықпалын арттыру үшін ата - аналарға мектеп есігін үнемі ашып, балалармен өткізілетін әртүрлі тәрбиелік іс - шаралар мен сабақтарға қатысуына мүмкіндік туғызу қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда мектептің ата-аналары мен жүргізілетін жұмысының негізгі мақсаты мыналардан тұрады. Біріншіден, ата-аналар мектепті балаларының шын жүрегімен қабылдайтын үйі деп санап өздеріде мектеп жұмысына көмектесуге дайын болуын қамтамасыз ету. Екіншіден, ата - аналарды жанұяда баламен өзара қарым - қатынаста болуға үйрету. Осындай мақсатпен мектептің әдістемелік бірлестіктері жанұя тәрбиесі мәселелері бойынша ата - аналар семинарларын ұйымдастырады. Онда ата-аналар балалардың дамуға, есеюге, бостандыққа ұмтылуының табиғатын және баланың бойында рухани

байлықты қалыптастырудың маңыздылығын ол үшін қоршаған ортадан сүйіспеншілік сезімінің, мейірімділікпен сыйластықтың қажеттілігіне біледі. Мектептің ата- аналармен жүргізетін жұмысы баланың мектепте және жанұяда, тұтас білім берушілік ортада тәрбие алуына жағдай жасауға бағытталған. Жанұя саналылық пен ынтымақтастықтың және болашақтың бастаулар негізі. Мұғалімдер жанұяның тәрбиелік мүмкіндігін толығымен аша отырып, ата - аналардың да гумандық педагогикалық мынандай идеясын мойындауына атсалысуда.

2. Қала көшелеріндегі көлік ағындарының тығыздығы мен автокөліктердің қозғалыс жылдамдығы қарқынды түрде артып келеді және болашақта ілгерілей бермек. Сондықтан қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету күннен-күнге артып келеді маңызды міндет... Бұл мәселені шешуде үй қақпасының сыртында күрделі қиындықтар мен қауіптерге тап болатын ең кішкентай жаяу жүргіншілер – балаларды ерте және дұрыс дайындаудың маңызы ерекше.

Көбінесе жол апатына балалардың өздері кінәлі. Бұл жол жүру Ережесінің қарапайым негіздерін білмеуіне, үлкендердің жолдағы балалардың мінез-құлқына немқұрайлы қарауына әкеледі. Балалар өз бетінше, әсіресе жас балалар жолдағы нақты қауіп-қатерлерді ескермейді. Балаға ерте жастан дұрыс тәрбие мен білім беру арқылы ғана мұны болдырмауға болады.

П.Лич пен П.Стэтман өз зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қауіпсіздікке үйретудегі артықшылығы олардың ережелерді жақсы көруінде және оларды толығымен сақтауында деп атап көрсетеді. Егер ережелерді біреу ұмытып кетсе, қабылдаса, нәресте оған бірден жауап береді. Осы жастағы баланың жүйелілікке деген ұмтылысы ересектерге оған қауіпсіздік ережелерін үйретуге көмектеседі.

Қ.Д. Ушинский «Білім беру біздің өмірімізге қауіп төндіретін қауіптердің санын азайтады, қорқыныш себептерін азайтады және қауіпті өлшеп, оның салдарын анықтауға мүмкіндік бере отырып, осы қауіптерді ескере отырып, қорқыныштың қарқындылығын төмендетеді» деп жазды.

Бірнеше жылдан бері біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтар ұжымы балаларды Жол жүру ережелерімен таныстыру мақсатында жүйелі және ұйымдасқан түрде жұмыс істеп келеді. Бұл

өте маңызды, өйткені мектеп жасына дейінгі жаста қоршаған ортадағы өмірлік бағдарлардың негізі қаланады және баланың осы уақытта үйренетін барлық нәрселері онымен мәңгілік қалады. Сондықтан, бұл өте маңызды балабақшабаланы жастайынан жол қозғалысына қатысушы – жаяу жүргіншінің өмір бойы «кәсібіне» дайындауды бастау.

4-5 жасқа қарай балалар белгілі бір қозғалыс тәжірибесін жинақтайды, байытады сөздік қор, кеңістікті бағдарлау дағдылары тәрбиеленеді. Үлкен жаста (6-7 жас) жол ережелері туралы кейбір ақпарат идеялардың дәйекті және үйлесімді жүйесіне салынған. Балалар жол белгілерімен танысып, көшеде және көлікте өзін-өзі ұстау ережелері мен нормаларын меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуге дағдыланады. Балаларға дербестікті, белсенді ойлауды, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуді талап ететін тапсырмалар беріледі. Үлкен назарата-аналармен жұмыс істеу үшін төленген, өйткені Көшедегі және көліктегі ересектердің мінез-құлқындағы жағымды үлгі бала үшін өте маңызды. Тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады шығармашылық жұмыстарбалалар мен ата-аналар, постер байқаулары. Жол полициясы инспекторларымен тығыз жұмыс жүргізілуде. Мектеп жасына дейінгі балаларды дербес жаяу жүргіншілер рөліне дайындау бойынша отбасымен мақсатты жұмыс жүргізу жағдайында балалардың жол қозғалысы ережелері бойынша білімдері мен дағдыларын меңгеру деңгейі жоғарылайды.

3. Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де

сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Балаға таңдалған білім баланың ақылына лайықтап, талабын шабыттандыратындай, ойын оятарлық іскерлігін дамытарлықтай, бастаған істің нәтижесіне жетуге тырысарлықтай нәрлі болуы керек.

Халық өзінің қоршаған дүниенің қыры мен сыры егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіре білуді көздеген. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Мектепалды даярлық тобында балаларға ойын арқылы сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеудегі отбасының рөлі анықталсын
2. Бала бақшаға барар жолда жол қауіпсіздігі сақталынсын